

**ҚБТУ ИМЖ КС 74-1-23**



**«ҚАЗАҚСТАН-БРИТАН ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ  
ИМЖ КОРПОРАТИВТІК СТАНДАРТЫ**

---

**ЗИЯТКЕРЛІК ЖАРЫСТАРДЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫНА  
«ҚАЗАҚСТАН-БРИТАН ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» АҚ  
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША  
ІШКІ ГРАНТ НЕГІЗІНДЕ ОҚУҒА СЕРТИФИКАТ БЕРУ ТӘРТІБІ**

ҚБТУ ИМЖ КС 74-1-23

## **ҚБТУ ИМЖ КС 74-1-23**

### **Алғы сөз**

Осы «Зияткерлік жарыстардың жеңімпаздарына «Қазақстан - Британ техникалық университеті» АҚ білім беру бағдарламалары бойынша ішкі грант негізінде оқуға сертификат беру тәртібі» корпоративтік стандарты «Қазақстан-Британ техникалық университеті» акционерлік қоғамының интеграцияланған менеджмент жүйесі (бұдан әрі – ИМЖ) құжаттамасының құрамдас бөлігі болып табылады және ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001: 2016 серияларындағы халықаралық стандарттар талаптарының сақталуын тәртіптейді.

### **Жалпы мәліметтер**

Маркетинг және рекрутинг департаментінде  
ӨЗІРЛЕНГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛГЕН

«Қазақстан-Британ техникалық университеті» акционерлік қоғамы Басқармасының  
2023 жылғы 16 қазандағы №23 шешімімен  
БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

## ҚБТУ ИМЖ КС 74-1-23

<b>Мазмұны</b>	<b>Беті</b>
1. МАҚСАТЫ	4
2. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ	4
3. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР	
4. СЕРТИФИКАТ БЕРУ ҮШІН НЕГІЗДЕР	4
5. СЕРТИФИКАТТЫ ПАЙДАЛАНУ ШАРТТАРЫ	4
6. ЗИЯТКЕРЛІК ЖАРЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРМЕН ЫНТЫМАҚТАСУ ШАРТТАРЫ	5
7. ШАРАЛАР БОЙЫНША ТӘУЕКЕЛДЕР	6
8. ИМЖ ЖАЗБАЛАРЫ	6
9. ЖАУАПКЕРШІЛІК	7
10. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	8

## 1. МАҚСАТЫ

1.1. «Зияткерлік жарыстардың жеңімпаздарына «Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ білім беру бағдарламалары бойынша ішкі грант негізінде оқуға сертификат беру тәртібі» (бұдан әрі – Тәртіп) зияткерлік жарыстардың жеңімпаздарына университеттік грант негізінде білім беру бағдарламалары бойынша оқуға сертификаттар (бұдан әрі – Сертификат) беру жөніндегі талаптарды айқындайды.

1.2. Негізгі мақсат «Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ-қа түсу үшін Қазақстанның дарынды және талантты жастарын анықтау және іріктеу, сондай-ақ ынталандыру болып табылады.

## 2. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

2.1. Осы Тәртіптің талаптары зияткерлік жарыстардың жеңімпаздарына білім беру бағдарламалары бойынша ішкі грант негізінде оқуға сертификаттар беруді ұйымдастыруға, алуға және бөлуге тартылған ҚБТУ құрылымдық бөлімшелерінің барлық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті.

## 3. ТЕРМИНДЕР, ҚЫСҚАРТУЛАР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР

3.1. Осы Тәртіпте келесі терминдер және оларға сәйкес анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

- 1) **ҚБТУ** - «Қазақстан-Британ техникалық университеті» акционерлік қоғамы;
- 2) **ББ** – Білім беру бағдарламасы;
- 3) **ҰБТ** – Ұлттық бірыңғай тестілеу, жоғары білім беру ұйымдарына түсу үшін іріктеу емтихандары формаларының бірі;
- 4) **КТ** – Магистратураға түсу үшін кешенді тестілеу;
- 5) **GPA** - Үлгерімнің орташа балы (Grade Point Average);
- 6) **МжРД**– Маркетинг және рекрутинг департаменті;
- 7) **ОШЖҚ** – Оқыту шарттарымен жұмыс жөніндегі қызмет;
- 8) **ОПҚ** – Оқытушылық- профессорлық құрам;
- 9) **ҚК** – Қабылдау комиссиясы;
- 10) **Еуропалық трансферт (аударым) және кредиттерді жинақтау жүйесі (ECTS)** - студенттің шетелде алған кредиттерін өз білім беру ұйымына оралғаннан кейін олардың дәрежесін алу үшін есептелетін кредиттерге аудару, сондай-ақ білім беру бағдарламалары шеңберінде кредиттерді жинақтау тәсілі;
- 11) **Университеттің білім беру гранты** (бұдан әрі – «Грант») - Университет қаражаты есебінен тегін оқыту немесе оқу шығындарын ішінара жабу;
- 12) ҚБТУ грантын беру туралы **Сертификат** – Зияткерлік олимпиада жеңімпазына ҚБТУ-дан берілген, грант мөлшері көрсетілген ресми құжат;
- 13) **Зияткерлік жарыстар** – зияткерлік олимпиада, ойындар, викториналар, халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық деңгейдегі шоулар және т. б.

## 4. СЕРТИФИКАТ БЕРУ ҮШІН НЕГІЗДЕР

4.1. Зияткерлік олимпиаданың, ойынның, викторинаның, халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық деңгейдегі шоулардың және т. б. жеңімпазы Университеттің білім беру гранты негізінде ҚБТУ білім беру бағдарламалары бойынша оқуға сертификаттың иегері бола алады.

4.2. Зияткерлік жарыс офлайн және онлайн форматта өткізілуі мүмкін.

4.3. Зияткерлік сайыстың бірнеше рет жеңімпазы болуы мүмкін.

4.4. Сертификаттар грант мөлшері бойынша зияткерлік жарыстың жеңімпаздары арасында келесі тәртіппен бөлінеді:

## ҚБТУ ИМЖ КС 74-1-23

1-орын	100%
2-орын	50%-дан 75%-ға дейін
3-орын	30%-дан 50%-ға дейін

4.5. «KBTU VIDEO CONTEST» ҚБТУ бейнероликтер байқауында 1, 2 және 3-орын жүлдегерлерінен кейін ең жоғары балл жинаған қатысушыларға 20% мөлшерінде грант иегерлерінің сертификаттары қосымша бөлінеді.

4.6. Грантқа сертификаттарды бөлу жарыс кезінде ҚБТУ көтермелейтін интеллект, эрудиция, өзін-өзі дамытуға ынта, талант, белсенді өмірлік ұстаным, шығармашылық және т.с.с. жеке қасиеттердің көріну дәрежесіне байланысты болады.

4.7. ҚБТУ бакалавриат түлектеріне ағымдағы оқу жылына арналған ҚБТУ Басқармасының Шешімімен бекітілген құны бойынша ҚБТУ магистратурасының ақылы бөлімшесінде оқу құқығын растайтын сертификаттар беріледі.

4.8. ҚБТУ магистратурасының түлектеріне ағымдағы оқу жылына арналған ҚБТУ Басқармасының Шешімімен бекітілген құны бойынша ҚБТУ докторантурасының ақылы бөлімшесінде оқу құқығын растайтын сертификаттар беріледі.

## 5. СЕРТИФИКАТТЫ ПАЙДАЛАНУ ШАРТТАРЫ

5.1. Сертификат жеке тұлғаға беріледі.

5.2. Сертификатқа зияткерлік жарыстардың иегері – жеңімпазға бекітілген тіркеу нөмірі беріледі.

5.3. Сертификатты пайдалану үшін басқа адамдарға беруге тыйым салынады

5.4. Сертификаттың түпнұсқасы өтініш берген кезде Қабылдау комиссиясына ұсынылуы тиіс, ҚБТУ-дың ақылы бөлімшесіне құжаттар орта білім туралы аттестат немесе колледж дипломын алған жылы ғана беріледі.

5.5. Сертификат оның иегерін ҚБТУ-ға түсуге міндеттемейді.

5.6. Сертификат тек сертификатта көрсетілген ББ-ға қабылдануға арналған.

5.7. Сертификат жеңімпазға ҚБТУ-дағы ББ бойынша грантқа оқуға құқық береді, оның мөлшері сертификатта көрсетілген.

5.8. Сертификатты пайдаланудың қосымша шарттары Сертификаттың өзінде көрсетілген (мысалы, оқуға түсу үшін ҰБТ/КТ сертификатының ең төменгі баллы).

5.9. Қабылдау комиссиясының жұмысы кезеңінде ҚБТУ-ға қабылдау үшін барлық шарттар дұрыс орындалуы барысында Жеңімпаз университеттің білім беру гранты негізінде ақылы бөлімшеде оқуға шарт жасасады, - егер 100% ҚБТУ гранты болса, онда «ҚБТУ» АҚ білім беру гранты есебінен бағдарлама бойынша білім беру қызметтерін көрсетуге арналған шарт», егер - 100% - дан аз және т.б. болса, «Бағдарлама бойынша ақылы білім беру қызметтерін көрсетуге арналған шарт» жасалады.

5.10. Оқу гранты GPA (үлгерім деңгейінің көрсеткіші) әрбір оқу жылы үшін 3.0 және одан жоғары деңгейде ұсталуы барысында сақталады.

5.11. Егер оқудың бір жылының соңында жеңімпазда GPA 3.0-ден төмен болса, онда грант жойылады және жеңімпаз оқуға түсу жылына қолданылып жүрген өзекті прайс бойынша 1 академиялық ECTS кредиті үшін толық құны бойынша оқуды аяқтағанға дейін төлеуге міндеттенеді.

5.12. Университеттің талабы бойынша оқуды аяқтағаннан кейін Университетте немесе «ҚБТУ» АҚ еншілес ұйымында қатарынан кемінде 3 (үш) жыл (бос жұмыс орны болған жағдайда) жұмыс істеу қажет.

## 6. ЗИЯТКЕРЛІК ЖАРЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРМЕН ҒЫНТЫМАҚТАСУ ШАРТТАРЫ

## **ҚБТУ ИМЖ КС 74-1-23**

6.1. ҚБТУ-дың Университеттік білім беру грантына сертификат зияткерлік жарыс шеңберінде Зияткерлік жарысты ұйымдастырушының атынан ҚБТУ Ректорының (Басқарма Төрағасы) атына ресми хат түрінде сұрау салу бойынша ғана табыс ету үшін бөлінуі мүмкін.

6.2. Зияткерлік жарыстың қазылар алқасы мүшелері құрамы жеңімпаздарды анықтап, грантқа сертификат берілуі жөнінде шешім шығарады.

6.3. Зияткерлік жарыстың қазылар алқасының құрамында ҚБТУ-дың кем дегенде бір өкілі қатысуы тиіс, оның шешімі бойынша грант мөлшері айқындалатын болады.

6.4. ҚБТУ-дан қазылар алқасының мүшелері: ректор, проректорлар, мектеп декандары, профессорлық-оқытушылық құрам мүшелері бола алады.

6.5. Жекелеген жағдайларда, Ұйымдастырушы тарапынан ерекше жағдайлар болуы барысында (мысалы, жарнамалық сипаттағы қызметтерді ұсыну) шарт жасасу көзделеді.

6.6. Шарт айырбастау сипатында болуы тиіс және ақша қаражаттарының қозғалысы мәселелерін қамтымауы қажет.

## **7. ШАРА БОЙЫНША ТӘУЕКЕЛДЕР**

7.1 Осы Тәртіппен регламенттелген іс-әрекеттерді орындау барысында келесідей тәуекелдер туындауы мүмкін:

<b>№</b>	<b>Тәуекел атауы</b>	<b>Алдын алушы іс-қимылдар</b>	<b>Түзету іс-қимылдары</b>	<b>Тәуекел иесі</b>
1	Сертификаттарды қолдан жасау қаупі	Әрбір сертификатқа тіркеу нөмірі беріледі және ол тізілімдегі ТАӘ – ге бекітіледі – ол Қабылдау комиссиясымен тексеріледі.	Қабылдау комиссиясында жалған сертификатты қабылдаудан бас тарту	МжРД ,СРДО

## ҚБТУ ИМЖ КС 74-1-23

### 8. ИМЖ ЖАЗБАЛАРЫ

8.1. Осы Тәртіп шара бойынша қызметтің қорытынды нәтижелерін жазбаша және/немесе электрондық түрде растайтын төмендегі жазбаны қамтиды:

№ р/т	Жазбалар атауы	Место хранения записи	Ответственный за записи
1	Студенттер қатарына қабылдау үшін ұсыным хат	Басып шығарылған құжат	ҚК жауапты хатшысы

### 9. ЖАУАПКЕРШІЛІК

9.1 Кеңсе МжРД-ге зияткерлік жарысты ұйымдастырушыдан ресми хат алу және осы мәселе бойынша Ректордың (Басқарма Төрағасы) шешім қабылдауы туралы уақытылы хабарлауға жауапты болады.

9.2. МжРД сертификаттарды сапалы және уақытылы ұйымдастыруға және беруге жауапты.

9.3. СРДО сертификаттарға нөмірлердің уақтылы берілуіне және олардың түпнұсқалығын тексеруге жауапты.

9.4. ҚК-ның жауапты хатшысы студенттер қатарына қабылдау ұсынысын сапалы және уақытылы дайындауға жауапты.

### 10. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

10.1. Осы Тәртіп ҚБТУ Басқармасы оны бекіту туралы шешім қабылдағаннан кейін күшіне енеді. Осы Тәртіпке өзгерістер мен толықтырулар Басқарманың шешімі бойынша енгізілуі мүмкін.

10.2. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасын, ҚБТУ Жарғысын өзгерту нәтижесінде осы Тәртіптің жекелеген нормалары олармен қайшы келсе, Тәртіп заңнамаға және Жарғыға сәйкес келгенге дейін Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алу қажет.

10.3. Осы Тәртіппен регламенттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және ҚБТУ нормативтік құжаттарына сәйкес реттеледі

## ҚБТУ ИМЖ КС 74-1-23

БЛОК-СХЕМА:

### «ҚАЗАҚСТАН-БРИТАН ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» АҚ ІШКІ ГРАНТТАРЫН БЕРУ ТУРАЛЫ СЕРТИФИКАТТАР БЕРУ

Процеске кіру: Зияткерлік жарысты ұйымдастырушының ресми хаты		
Іс-қимыл	Кім орындайды	Жазба
ҚБТУ кеңсесі зияткерлік жарысты ұйымдастырушыдан Ректордың (Басқарма Төрағасы) атына ҚБТУ ішкі гранттарын бөлуді сұраған ресми хат алады	Ұйымдастырушы	Кіріс хат-хабарларды тіркеу
↓ Кеңсе ресми хатты Ректордың қарауына жібереді	Кеңсе	Documentolog
↓ Ректор сұранысты қанағаттандыру туралы шешім шығарады және МжРД-ге пысықтау үшін сұрау жібереді	Ректор (Басқарма Төрағасы)	Documentolog
↓ СРДО МжРД-ның сұранысы бойынша сертификаттарға нөмірлер береді. МжРД сертификаттар дайындайды және береді, сондай-ақ төрешілік ету үшін ҚБТУ ОПҚ-ны тартады	МжРД СРДО Мектептер декандар	Сертификаттар реестрі